

# Қамыққан елін жырымен демеген ақын

Қазанғап Байболұлы 1891 жылы қазіргі Түркістан облысы Төле би ауданы Ұзынарық ауылында дүниеге келген. Халық ақыны. Сайрам мен Шымкент медресесінде білім алған, жәдиттік бағытта бала оқытып, ұстаздық еткен. Жасынан ел ақындарын тыңдап, ауыз әдебиет үлгілерін бойына сіңіріп өскен. Ақындық суырып салма өнеріне жетілу барысында жыршылық жолына түсіп, қисса-дастандарды жатқа айтқан. 1934 жылы халық ақыны ретінде Қазақстан жазушыларының тұңғыш съезіне қатысқан.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазанғап қамыққан елді жырымен демей, рух беріпті үгітші ақындардың алдығы сапында болды. Тарихшы ғалымдар Қазанғаптың жа-

дылық қуатын білу мақсатында арнайы зергеу жасап, “Еңсегей бойлы ер Есім” атты 152 беттік дастанынан 140 адам есімдері мен рулық-тайпалық атауларды, барлығы 256 жалқы есімді, “Төле бидің тарихы” атты 145 беттік дастанынан тиісінше 381 және 100, барлығы 481 жалқы есімді тапқан. Сонда 297 беттік екі дастанда 737 жалқы есім кездеседі екен. Дерекке бай болуы қиын поэзиялық шығарма үшін бұл ерекше көрсеткіш. Мұның өзі Қазанғаптың дүниетанымы мен ой өрісінің кеңдігін, есте сақтау қабілетінің мықтылығын көрсететін мысал. Қазанғап жалпы өз өмірінде көлемді 8 шығарма жазған. Оның бәрін дерлік уақытында тиісті орындарға қолжазба күйінде тапсырып отырған. Атап айтсақ: “Орта жүз Дауанасбай Өкірік Найман” дастанын 1934 жылы, “Египет ханы Абдуланың қызы Сайыпжамал” дастанын 1934 жылы, “Шеризат

Кулшат” дастанын 1938 жылы, “Төрт дәруіш” дастанын 1939 жылы, “Орқа-Күлше” дастанын 1939 жылы, “Төле бидің тарихы” дастанын 1941 жылы, “Еңсегей бойлы ер Есім” дастанын 1941 жылы, ал “Қарсыбай батыр” дастанын 1943 жылы ғылыми орталық кітапхана қорына тапсырған. Әлі де ұрпақтарында жарияланбаған көптеген өлеңі мен тарихи жырлары бар. Қазанғап ақынның қазір де көптеген тарихшы ғалымдардың терең зерттеуін қажет ететін шығармалары жетерлік.

**А.ӨСЕРБАЙ,  
М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университетінің аға  
оқытушысы,  
Л.АРИПБАЕВА, аға  
оқытушы.**